

Э.Ж. Сыздыкова, А.К. Атабаева, А.Н. Ламбекова

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: add1401@mail.ru)*

Қазақстан Республикасындағы инвестициялық жағдайды талдау

Мақалада Қазақстан Республикасының экономикасына шет елдерден тартылатын инвестицияның жағдайы талданған. Инвестиция тартудың және оның қолдануын мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттары айқындалған. Экономикалық әлеуетті жоғарлату үшін Қазақстанда жағымды инвестициялық ахуалды қалыптастыру қажет болып отыр. Мемлекеттің экономикасының дамуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі инвестициялық саясатты қалыптастыру болып табылады. Ел экономикасына шет ел инвестициясын тартудың және жағымды инвестициялық климатты орнатуда мемлекеттің негізгі мақсаты болып отырған көрсетілген әлеуметтік, саяси, экономикалық жаһандану және дағдарыс жағдайында мемлекет алдында тұрған маңызды мәселе айқындалды. Инвестициялық жобалардың дамуында қолданылатын стратегиялық мақсат белгіленді. Шетел инвестициясын тартуда мемлекеттің белсенді болуына қажетті модельдің қажеттілігі қарастырылуда. Жылдар бойы тартылған шетел инвестицияларының жалпы пайдасының құрылымы мен көлемі толық талданғаны көрсетілген. Соңғы он екі жылда ел экономикасына тартылған инвестиция бойынша іс-шаралардың бағдарламалары көрсетілген.

Кілт сөздер: бәсекелестік, инвестициялық әлеует, мемлекеттік инвестициялық саясат, инвестициялық әрекет, халықаралық капиталды импорттау, тікелей шетелдік инвестициялар.


Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан–2050» Стратегиясында инвестициялар мен бәсекеге қабілеттіліктен қайтарым, табыстылық қағидаттарына негізделген жалпы экономикалық прагматизмді экономикалық саясаттың жаңа курсы деп анықтады [1]. Жаңа курсқа сәйкес экономикалық әлеуетті арттыру мақсатында Қазақстанда қолайлы инвестициялық ахуал жасалуы керек. Тиімді мемлекеттік инвестициялық саясат мемлекет экономикасының даму прогресіне әсер етеді. Бұл прогресс, ең алдымен, макроэкономикалық көрсеткіштердің оң динамикасына, яғни, ЖІӨ өсімі, мемлекет азаматтарының өмір сүру деңгейін көтеру болып табылады. ҚР-ның статистикалық мәліметтеріне сәйкес, халықтың өмір сүру деңгейі жақсарғаны байқалады. Осылайша, Қазақстанда соңғы 8 жылда ЖІӨ-нің деңгейі 62,6 %-ға өсті, айтарлықтай күнкөріс деңгейінен кем тұратын халықтың үлесі қысқарды, шамамен 1 % кедейлік деңгейі төмендеді. Яғни бүгінде осы проблемаларға ҚР-ның Президенті ерекше көңіл бөледі және осы проблемалардың оң тенденциясы инвестициялық қызметпен анықталады.

Қазіргі кезде мемлекеттің алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі экологиялық, әлеуметтік, саяси, экономикалық жаһандану және дағдарыс жағдайындағы елдің экономикалық дамуының тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Осыған байланысты озық экономиканы, жаңа экономикалық тұтқаны және елдің даму тұрақтылығын қалыптастыру үшін инвестициялық даму жобаларын пайдалану қажеттіліктерін анықтау керек [1]. Ел экономикасының стратегиялық мақсаттары мемлекетімізге шетелдік инвестицияларды тартуға, интеграциялану қажеттілігі жаһандық экономикада модельдерді әзірлеуге қажеттілікті өсірді.

Қазақстан минералды ресурстарға, ауыл шаруашылығына қолайлы жерлерге, білікті кадрларға бай. Елде айтарлықтай өнеркәсіптік әлеуеті бар. Бірақ табиғи және еңбек ресурстарын одан әрі тиімді пайдалану үшін ірі капитал қажет. «Стратегия – 2030» бойынша экономикамызға шетел инвестицияларын тарту міндеті қысқа мерзімде жүзеге асырылды. Дүниежүзілік банк республикамызды әлемдегі 20 елдің қатарына қосты.

ҚР-ның инвестициялық саясатын талдау арқылы мемлекеттің басты мақсаты болып, елдегі қолайлы инвестициялық ахуалды одан әрі қолжеткізу және экономикаға тікелей шетелдік инвестицияларды тарту болып табылатынын айта кеткен жөн. Қазақстан бүгінде ТМД елдер арасында жан басына шаққандағы тартылған шетелдік инвестициялардың көлемі бойынша жетекші орынға ие. Тікелей шетелдік инвестициялардың (бұдан әрі — ТШИ) көлемі жан басына шаққанда 2013 жылы 1350 долл. / адам болды, ол 2006 жылғы көрсеткішті 2,5 есе жоғарлатады. Жан басына шаққандағы инвестиция көлемін салыстырсақ, Беларусь Республикасында — 1090 долл. / адам, Ресей Федерациясында — 130 долл./ адам құрады [2; 24].

Қазақстан экономикасына тартылған инвестиция көлемі біздің еліміздің қолайлы инвестициялық ахуалы мен имиджін көрсетеді. ҚР-ның Ұлттық банкінің мәліметтеріне сәйкес, 2005 жылдан бастап 2014 жылға дейін ел экономикасына 196 млрд АҚШ долл. астам тікелей шетелдік инвестициялар тартылды (1-сур.). Өнімнің жалпы көлемі бойынша Ресей, Қазақстан ТМД елдер арасында ЖІӨ үлесі бойынша жан басына шаққандағы тікелей шетелдік инвестициялар тарту бойынша көшбасшы болып табылады [3].



Ақпарат көзі. ҚР Ұлттық банк мәліметтеріне сәйкес автормен жасалған [3].

1-сурет. ТШИ жалпы ағынының құрылымы жылдар бойынша (млрд долл.)

Диаграммада 2008–2009 жылдары, яғни әлемдік қаржы дағдарысы кезінде, әлемдік тікелей шетелдік инвестиция ағынының екі есеге дейін төмендегенін және Қазақстан, керісінше, олардың кірістерін күрт ұлғайтқанын көруге болады. Сонымен қатар 2008 жылы көрсетілген рекордтан \$ 131 млн жоғары, яғни, 2009 жылы олардың көлемі \$ 19.76 млрд жетті.

Есепті кезеңде елдердің тікелей шетелдік инвестициялардың жалпы ағыны құрылымында Нидерланды (жалпы ТШИ түсуі 39,9 %) көш бастап тұр, одан кейін Франция (7,8), Қытай (5,9), АҚШ (5, кейін 2 %), Ұлыбритания (4,6), Ресей (3,9), Виргин (British) аралдары (3,3) және Жапония (3,1) (1-кесте). Қазақстан экономикасына инвестицияны 120-дан астам ел құяды [3].

1 - кесте

Маңызды инвестициялық елдердің ТШИ жалпы ағынының құрылымы


Ел	2013 ж.		2014 ж.	
	млн долл. АҚШ	%	млн долл. АҚШ	%
АҚШ	%		24100,1	100
Жалпы	22500,4	100,0		
Оның ішінде			4349,4	39,9
Нидерланды	3147,8	17,1	1203,8	7,8
Франция	1022,6	5,5	2059,5	5,2
АҚШ	2462,1	13,3	1797,2	4,6
Ұлыбритания	909,3	4,9	944,8	3,9
Ресей	314,1	1,7	976,5	3,3
Виргин аралы (британдық)	9,3	0,1	944,8	3,1

Ақпарат көзі. ҚР Ұлттық банк мәліметтеріне сәйкес автормен жасалған [3].

Инвестиция ағыны динамикасынан әртараптандырудың болмағанын көруге болады. Қазақстанның салалық құрылымын талдауда 100 ірі инвестор-компаниялардың көпшілігі әлі күнге дейін мұнай-газ секторында жұмыс істейтінін көрсетеді. Қазақстан экономикасының нақты

секторларына қарағанда отын-энергетикалық пен минералдық шикізат секторларына инвесторлардың белсенділігі әлдеқайда жоғары.

Атап айтқанда, 2006–2014 жылдары \$ 196,633 млрд тікелей шетелдік инвестиция тартылды. \$ 56,7792 млрд (38,7 %) — геологиялық барлау және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін, \$ 44,8839 млрд (30,6%) шикізат ресурстарын өндіруге бағытталған. Өңдеуші салаға шетелдік корпорациялар \$ 15,4118 млрд (10,5%) инвестиция салды. Одан кейін саудаға — \$ 7,3227 млрд (5%), қаржылық қызметке — \$ 7,155 млрд (4,88%), құрылысқа — \$ 3,3355 млрд (2,27%), сондай-ақ көлік және байланысқа — \$ 2,3912 млрд (1,63%) инвестиция салынды. Экономикалық қызметтің басқа да түрлеріне тікелей шетелдік инвестициялардың тек 1% тиесілі (2-сур.) [3].



Ақпарат көзі. ҚР Ұлттық банк мәліметтеріне сәйкес автормен жасалған [3].

2-сурет. 2014 жылы қызмет түрлері бойынша жалпы ТШИ ағынының үлесі

Капитал салымының әр түрлі бөлінуі аймақтардың экономикалық даму деңгейіндегі үйлеспеушілікті ұлғайтады. ҚР Статистика агенттігінің мәліметтері бойынша, Астана және Алматы қалаларына, сондай-ақ Батыс Қазақстан, Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау және Қызылорда облыстарына 60 %-ға жуық инвестициялық салым салынған. Осы аймақтарда 80 % астам кәсіпорындарында шетелдік инвесторлардың үлесі бар [4; 29].

Сонымен қатар инвестицияның қолайлы жағдайы шикізаттық емес секторда қарастырылған. ҚР-ның заңына сәйкес, жоғары қосылған құн бойынша өнімді шығаруға, салаларға капитал салымын салуға қарқынды түрде өсуіне жағдай жасалмаған. Тиімді және жоғары технологиялық жобаларды жүзеге асыру жоғары инвестициялық тәуекелді қажет етеді. Осындай жобаларға инвесторларды тарту мақсатында олар үшін қолайлы жағдай жасау және тәуекелді азайту қажет. Ал жаһандық бәсекелестікте тікелей шетелдік инвестициялар тарту бұл оңай шаруа емес.

Шетел инвесторларымен жүргізілген сауалнамаға сәйкес, олардың Қазақстандағы шикізаттық емес жобаларға қатысуын тежейтін факторлар келесідей:

- 1) мемлекеттік инвестициялық саясатты жүргізу жүйесінің болмауы;
- 2) заңнама мен механизмнің болмауы, заңдар мен шарттық қатынастардың сақталуының тұрақсыздығы;
- 3) инвестицияны тартуда елдің бәсекеге қабілетсіздігі (валюта және кедендік режимдерін қосқанда);
- 4) инвестицияны тартуда инфрақұрылым мен қызмет көрсетудің дамымағаны (қаржы, банк, ақпараттық-талдау, консалтинг, көліктік т.б.);
- 5) инвестицияларды тарту саласындағы мемлекеттік басқару жүйесінің тұрақсыздығы;
- 6) визалық режим болуы [5; 31].

Осыған байланысты 2003–2015 жылдарға арналған Үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында 2010 жылы Қазақстан үкіметі шетелдік инвесторлармен өзара қарым-қатынас жүйесін орнатты. Мәселен, 2010 жылдың қазан айында арнайы экономикалық аймақтарды және 2010–2014 жылдарға арналған экспортты ынталандыруды дамыту үшін инвестицияны тарту бағдарламасы қабылданды. Осыған сәйкес бірден 200 инвестициялық бастамалар бойынша ірі шетелдік компаниялармен жұмыс істеу басталды. Трансұлттық

корпорациялардың қатысуымен 2 жыл ішінде 20-дан астам халықаралық бизнес форум ұйымдастырылды. Егер 2010 жылы Қазақстанда 5 мың шетел инвесторлары болса, онда 2011 жылы олардың саны 10 мыңнан астам болды.

Сонымен қатар 2010 жылы 12 тілде бизнесті жүргізудің шарттары туралы барлық қажетті ақпаратты алуға болатын ұлттық инвестициялық веб-сайты www.invest.gov.kz іске қосылды [6].

2011 жылы инвестициялық заңнаманы жетілдіру мақсатында индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау, ағымдағы жеңілдіктер пакетін кеңейту, сондай-ақ арнайы экономикалық аймаққа қатысушылар үшін рұқсат етілген шараларды оңайлату үшін арнайы экономикалық аймақтар туралы жаңа заң қабылданды. Онымен қоса 2011 жылы ҚР Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі 1994 жылдан 2004 жылға дейінгі, бірақ қазіргі таңда тек өндірістік сектор үшін жұмыс істейтін «Инвестициялар туралы» ҚР-ның Заңына қайта қалпына келтіруді ұсынды.

Қазақстанның инвестициялық әлеуеті жеткілікті өсуде. Тек экономиканың бәсекеге қабілеттілігінің өсуі мен тікелей шетелдік инвестициялардың жылдық ағыны неғұрлым тиімді пайдалануы \$10 млрд долл. ұлғаюы мүмкін. Бұл мүмкіндікті іске асыру мақсатында арнайы экономикалық аймақтар мен экспортты дамытуға, инвестицияны тартуға министрлікпен ұлттық инвестициялық жоспар қарастырылған және ол 2011 жылдың 23 желтоқсанда ҚР-ның Үкімет Қаулысымен бекітілген болатын.

Ең алдымен жоспар шетелдік инвесторлармен жүйелі жұмыс жасауды қарастырады. Осы мақсатта 6 салалық өндірістік секторлар және көлемі бойынша берілген салаларға инвестиция салған 20 инвестор елдер анықталды. Осылайша, 2014 жылға дейін жалпы 78 халықаралық корпорациялармен жұмыс жүргізілді, және 2015–2020 жылдары олардың саны 81 трансұлттық корпорацияларға өседі.

Сонымен қатар әрбір ірі инвестормен жеке келіссөздер жүргізіледі. Бұл тәсіл басым елдерде *road-show*, сондай-ақ «Жол картасын» әзірлеу және іске асыру инвесторлармен өзара қарым-қатынас үшін жүзеге асады. Мұнда Қазақстанда бизнестің ашылуы мен жүргізілуі, саяси көшбасшылар мен жетекші отандық компаниялардың топ-менеджерлерімен кездесулер ұйымдастыру қамтылады; инвестициялық жобаны әзірлеу оны іске асыру сатысында және инвестициядан кейінгі қолдауда кеңестік қызметтер аясында көрініс табады.

Инвесторлармен жұмыс істеудің маңызды факторы Қазақстан өңірлерінде қолдауы болып табылады. Шетелдік инвесторлармен жедел және жақсы қарым-қатынаста болуға, шын мәнінде, «KAZNEX INVEST» аймақтық бюро агенттігі экспорт пен инвестиция ретінде қызмет ететін болады, ол үшін әр өңірлерде инвесторлар қызметін көрсету орталығы құрылады.

Сонымен қатар қазір облыс әкімдіктерінде, Астана және Алматы қалаларында инвестициялық ахуалға үйлестіру кеңесін құру сұрағы қарастырылуда. Олардың басты міндеті — мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынас және инвесторға проблемаларды шешуге көмек көрсету.

Алдағы жылдары шетелдік тікелей инвестициялардың құрылымын өзгерту процесінде мемлекеттің рөлі шешуші, сондықтан үкіметпен енгізілген жаңа құралдар «шикізаттық емес» инвесторларды тарту болып табылады. Дұрыс бағыттағы жұмыс қазірдің өзінде басталды, шет елдерде біздің ресми делегациялардың өндірістік секторда жаңа меморандумдар мен келісімдерге қол қою аяқталды. Соңғы Халықаралық даму институтының мен KPMG бірлесіп дайындалған Change Readiness Index 2013 рейтингіне сәйкес, Чили, Тунис, Йордания және Тайвань елдерінен кейін Қазақстан 60 елдің ішінде 5-ші орынға ие болды. Бұл рейтингте мемлекеттің әлемдік экономиканың тез өзгеретін жағдайларына бейімделу қабілеті бағаланады, біз айтарлықтай Қытай, Малайзия, Үндістан, Бразилия, Түркия және Оңтүстік Африка елдерін арта қалдырдық. Ал ТМД біздің көршілес елдерін айтсақ, Украина 37 орында, Ресей тек 51-ші орынға ілікті [7; 15].

Соңғы екі жылда дамушы елдер одан әрі тікелей шетелдік инвестицияларды алушы ретінде өз инвестицияларын арттырды, Қазақстанның басты тенденциясы ТШИ саласында сыртқы инвесторларды тарту болып табылады. Халықаралық өндіріс орталығында әлемдік инвесторлар барған сайын өтпелі экономикасы бар елдердің нарықтарын дамыту үшін жобаларға өз ақшасын құяды. Атап айтқанда, 2010 жылы алғаш рет дамушы нарықтар көбірек ғаламдық тікелей шетелдік инвестициялық ағындары және алты өтпелі елдердің жартысынан астамы жиырма ең ірі инвесторлар қатарына кірді. Дамушы экономикасы бар елдердің трансұлттық корпорациялардың динамикасы шетелдік инвестициялары әлі дамыған елдерден корпорациялардың инвестициялық белсенділіктің төмендігі фоны 2008 жылы жартысына жуығы құрайды.

Сонымен қатар жаһандық экономикалық ынтымақтастық бүгінгі күні тікелей шетелдік инвестициялар және сауда есебінде қарастырылмайды. Соңғы жылдары СНУК капиталына қатысты емес халықаралық өндірісті ұйымдастыруда аралық звеноның рөлі артты. Трансұлттық

корпорациялар жаһандық өндірістік-өткізу тізбегіне өнеркәсіптік өндірісті және ауыл шаруашылығын, қызмет көрсетуді, аутсорсинг, франчайзинг, лицензиялау, басқару шарттары мен тағы басқалар түрдегі келісім-шарттарын қосады. СНУК оларға өндірістік функция арқылы жергілікті компаниялар лицензия арқылы өнімдерін шығаруға рұқсат беруге және өндірістік филиалдарды құруға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес СНУК жобалары инвесторлар үшін бастапқы да төмен капитал мен тәуекелді сипаттайды. Өз кезегінде қабылдаушы елдердің жаһандық өндірістік-өткізу тізбегін интеграциялауға мүмкіндігі бар. UNCTAD мәліметтеріне сәйкес, негізінен дамушы елдерде тек 2010 жылы ғана сату көлемі \$ 2 трлн долл. өсті [8; 483].

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, СНУК шетел инвесторларымен қарым-қатынасы сияқты Қазақстанда өзіне табысты болатын жақтарын белгілеу қажет. UNCTAD сарапшылардың ұсыныстарына сәйкес, осы тетіктің әлеуетін пайдалану, инвестициялық саясаты әзірлеу үшін жауапты мемлекеттік органдар ең алдымен келесідей негізгі сұрақтарға жауап беруі керек. Біріншіден, қалай ұлттық даму стратегияларын СНУК саясатымен ұштастыруы тиіс. Екіншіден, қалай отандық компаниялардың өндірістік әлеуетін дамыту жаһандық өндірістік өткізу тізбектерінің қолдауына ие бола алады. Ал, үшіншіден, СНУК қалай көтермелеу және ынталандыру құралдарын әзірлеуі қажет.

Минералдық-шикізат кешені Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізі және инвестициялар үшін ең тартымды бағыттарының бірі болып табылады. Соңғы 12 жылда пайдалы қазбалар, жер қойнауын пайдалану әр түрлі түрлері салынған инвестицияның жалпы көлемі \$ 200 млрд долл. асты. Алайда геологиялық зерттеулер үшін қолданыстағы кен орындарын қарқынды пайдалануда мемлекеттің рөлін күшейтуді талап етеді.

Жер қойнауын пайдаланушылардың инвестициялық қызметі Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштеріне оң әсерін көрсетеді (2-кесте) [9].

2 - кесте

2002–2013 жж. жер қойнауын пайдаланушылардың салықтар мен төлемдерді төлеу құрылымы, млрд тг

Төлемдер/ жылдар	2002	2003	2004	2005	2006	2007	2008	2009	2010	2011	2012	2013
Корпоративті табыс салығы	53,5	96,1	100,3	129,9	246,3	395,9	528,7	639,0	876,0	449,5	614,7	908,6
ҚҚС	15,6	0	0	3,8	1,1	20,7	0,4	14,5	36,1	16,5	13,9	18,0
Әлеуметтік салық	15,2	16,7	16,1	19,4	23,0	24,1	27,1	31,2	34,9	28,4	34,5	39,6
НДПИ	13,5	44,1	44,5	73,3	104,3	175,7	279,8	217,3	401,1	482,5	933,9	1172,2
Бонустар	0,7	1,7	2,2	3,0	60,0	11,7	8,0	32,9	11,0	43,8	3,0	3,3
Басқа да салықтар	30,9	42,7	42,8	46,7	69,1	139,9	245,4	276,6	481,5	578,2	766,3	1511,9
Жалпы	129,4	201,4	205,8	276,1	503,8	767,9	1089,4	1211,4	1840,6	1598,9	2366,2	3653,6

Сондықтан соңғы 12 жыл ішінде әлеуметтік саланы және жергілікті инфрақұрылымды дамыту үшін \$ 2,3 млрд долл. (2012 жылы \$ 317,5 млн), технологияларды сатып алуға — \$ 308.1 млн, мамандарды оқытуға — \$ 905,5 млн долл. көлемінде қаржы бөлді. Осы уақыт ішінде МСК жұмыспен қамтылғандардың саны 2001 жылы 175 мың адамнан 2012 жылы 181 мың адамға дейін өсті.

Қазақстан бюджетіне жер қойнауын пайдаланушылар 2001–2013 жылдары 13 844, 7 млрд теңге көлемінде салықтар мен төлемдер төлеген. Ал өткен жылы ғана бұл көрсеткіш 3 653.6 млрд теңге құраса, оның ішінде 1172,2 млрд теңге (немесе салықтар мен төлемдердің жалпы сомасының 32%) — НДПИ-ға, 908,6 млрд теңге (25%) — корпоративтік табыс салық, 39,6 млрд теңге (1%) — әлеуметтік салық, 18 млрд (1% кем) — ҚҚС, 3,3 млрд ҚҚС — бонустар, 1 511,9 млрд теңге басқа салықтар мен төлемдерді құрады [9].

Осылайша, ел экономикасына инвестицияны тарту соңғы 11 жылда заңдар мен нормативтік актілердің қалыптасуын, экономиканың басым салаларын, инновациялық құрамдас кәсіпорындарды, жаңа жұмыс орындарын құру және т.б. дамыту үшін құрылған саяси шаралар инвестицияны тартудағы ел имиджінің қалыптасуына үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Стратегия «Қазақстан – 2050»: новый политический курс состоявшегося государства. Послание Президента Республики Казахстан — Лидера нации Н.А. Назарбаева народу Казахстана. Астана, Акorda // Казахстанская правда. — 2012. — 15 дек.
- 2 *Гендер М.И.* Инвестиционный климат стран СНГ // *Business central Europe*. — 2013. — December, 15. — 7. — С. 24–27.
- 3 Официальный сайт Национального банка Республики Казахстан. — [ЭР]. Режим доступа: <http://www.nationalbank.kz>
- 4 *Нурланова Н.А., Бейсенбина А.К.* Оценка потенциальных инвестиционных возможностей регионов // *Капитал, инвестиции, технологии*. — 2013. — № 11. — С. 29–32.
- 5 *Марченко Г., Мачульская О.* Рейтинг инвестиционной привлекательности Казахстана // *Эксперт*. — 2014. — 8 окт. — № 11. — С. 31–34.
- 6 Национальный инвестиционный веб-сайт. — [ЭР]. Режим доступа: <http://invest.gov.kz>
- 7 *Дейнеко А.В.* Привлечение иностранных инвестиций в экономику Казахстана: состояние и развитие процесса // *Капитал, инвестиции, технологии*. — 2013. — № 1. — С. 15–19.
- 8 *Кадерова Н.Н.* Финансирование и кредитование инвестиций: учеб. пособие. — Алматы, 2013. — 632 с.
- 9 Официальный сайт Агентства Республики Казахстан по статистике. — [ЭР]. Режим доступа: www.stat.gov.kz.

Ә.Ж. Сыздыкова, А.К. Атабаева, А.Н. Ламбекова

Анализ инвестиционного климата в Республике Казахстан

В статье проведен анализ современного состояния инвестиционного климата в Казахстане, касающегося привлечения прямых иностранных инвестиций в отрасли казахстанской экономики. Указаны основные направления государственного регулирования процесса привлечения инвестиций и финансового контроля за их использованием. Определена одна из главных задач, стоящих перед государством в настоящее время, — обеспечение устойчивого экономического развития страны в сложных экологических, социальных, политических и экономических условиях глобализации мировой экономики и кризисных явлений. Обозначены приоритеты и стратегические цели использования инвестиционных проектов развития, нацеленных на создание передовой экономики. Рассмотрена необходимость разработки модели, которая основывается на активной роли государства в привлечении иностранных инвестиций. Представлен подробный анализ объема и структуры валового притока прямых иностранных инвестиций по годам и по основным странам-инвесторам. Перечислены программные мероприятия по привлечению инвестиций в экономику страны за последние одиннадцать лет.

E.Zh. Syzdykova, A.K. Atabayeva, A.N. Lambekova

The analyze of investment climate in Kazakhstan

In the article there was analyzed the condition of investment climate in Kazakhstan, which attracts foreign investments in sectors of Kazakhstan's economy. There were detected the main directions of state regulation process of attracting investment and financial control over their applying. There must be created favorable investment climate in order to increase economic potential of Kazakhstan. Precisely effective state investment politics influence on progress of economic increase of the state. There was reflected the main aim of the state – reaching the favorable investment climate in the country and the further promotion of inflow of straight foreign investments to the economy. There was determined state's one of the most important tasks – providing country's economic development in hard ecologic, social, politic and economic situations. There were designated priorities and strategic goals of applying investment projects, which aimed to create the advanced economy. It considers the necessity of creation the model, which leans on the active role of the state in attraction of foreign investments. It provides a detailed analysis of the volume and structure of gross inflow of straight foreign investments. There were listed the program activities in attraction the investments in economy of the country over the past eleven years.

References

- 1 *Kazakhstanskaya pravda*, 2012, December, 15.
- 2 *Gender M.I. Business central Europe*, 2012, December, 15, 7, p. 24–27.
- 3 *The official site of the National Bank of Kazakhstan*, [ER]. Access mode: <http://www.nationalbank.kz>
- 4 *Nurlanova N.A., Beysenbina A.K. Capital, investment, technologies*, 2012, 11, p. 29–32.

- 5 Marchenko G., Machulskaya O. *Expert*, 2011, October, 8, 11, p. 31–34.
- 6 National Investment website, [ER]. Access mode: <http://invest.gov.kz>
- 7 Deyneko A.V. *Capital, investment, technologies*, 2012, 1, p. 15–19.
- 8 Kaderova N.N. *Financing and investment lending*: textbook, Almaty, 2013, 632 p.
- 9 The official website of the Agency of the Republic of Kazakhstan on Statistics, [ER]. Access mode: www.stat.gov.kz.

Репозиторий Қарғу